

**"Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" (индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы"**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 15 мамырдағы № 27 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 21 мамырда № 20682 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 260) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) "Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" (индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" (индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 7791204, индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 94 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10271 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 21 мамырда жарияланған);

2) "Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 7791204, индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 94 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 11 қаңтардағы № 5 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 16282 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 8 ақпанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Н. Айдапкелов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
Төрағасының  
2020 жылғы 15 мамырдағы  
№ 27 бұйрығына  
1-қосымша

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік  
б е р е д і

Конфиденциальность гарантируется органами государственной  
статистики

Ведомстволық статистикалық байқау бойынша статистикалық  
н ы с а н

Статистическая форма ведомственного статистического  
н а б л ю д е н и я

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің Су  
ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі  
бассейндік инспекцияларына ұсынылады

Представляется Бассейновым инспекциям по регулированию

Приложение 1 к приказу Пре  
статистике Министерства на  
Республики Казахстан от " \_\_\_'  
года № \_\_\_\_



использования и охране водных ресурсов Комитета по водным ресурсам Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Су алу, пайдалану және суды бұру туралы  
Отчет о заборе, использовании и водоотведении вод

Индексі 2-ТП (сушар) жылдық есепті кезең 

--	--	--	--

 ж  
Индекс 2-ТП (водхоз) годовая отчетный период 

--	--	--	--

 год

Суды ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін, өндірістік, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер мен гидроэнергетика пайдаланушылар

Представляется водопользователями, использующими воду для нужд сельского хозяйства, для производственных, коммунально-бытовых нужд гидроэнергетики

Тапсыру мерзімі - ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін суды пайдаланатын су пайдаланушылар есепті кезеңнің 1 желт өндірістік, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер мен гидроэнергетикада суды пайдаланатын су пайдаланушылар есепті кезеңінің 1 желт

Срок представления - не позднее 1 декабря отчетного периода водопользователи, использующие воду для нужд сельского хозяйства, коммунально-бытовых нужд и гидроэнергетики

БСН коды код БИН	ЖСН коды код ИИН																																								
<table border="1" style="width: 100%; height: 20px;"><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>																					<table border="1" style="width: 100%; height: 20px;"><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>																				

Негізгі ЭҚЖЖ коды Основной код ОКЭД	Қосалқы ЭҚЖЖ коды Вторичный код ОКЭД																																								
<table border="1" style="width: 100%; height: 20px;"><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>																					<table border="1" style="width: 100%; height: 20px;"><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>																				

Экономикалық қызмет түрінің атауы  
Наименование вида экономической деятельности \_\_\_\_\_

1. Су пайдаланудың мемлекеттік есебінің коды мен оның индексін көрсетіңіз (Су ресурстарын пайдалануды реттеу СП және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялар береді) Код  
Укажите код государственного учета использования воды и его индекс (присваивается Бассейновыми инспекциями по регулированию использования и охране водных ресурсов)

2. Табиғи су нысандарынан жиналған, басқа да суды пайдаланушылардан алынған, пайдаланылған және берілген су туралы мәліметті көрсетіңіз (үтірден кейін бір белгімен, мың текше метр)

Укажите сведения о заборе воды из природных водных объектов, водах, полученных от других водопользователей, а также использованных и переданных водах (в тысячах кубических метрах с одним знаком после запятой)

Жолдар коды	Су нысанының атауы Наименование	Көз коды <sup>2</sup> Код	Беруші ұйымның коды Код	Теңіз-өзен коды	Ағыстар	Сапа коды <sup>2</sup>	Сағадан қашықтық, километр Расстояние	Рұқсат етілген	Алынды, барлығы 1 жылға Забрано,	оны бойы в том					
					Притоки										
					<table border="1" style="display: inline-table;"><tr><td style="width: 20px; height: 20px;"></td><td style="width: 20px; height: 20px;"></td><td style="width: 20px; height: 20px;"></td><td style="width: 20px; height: 20px;"></td></tr></table>										

Код строки	водного объекта	источника <sup>2</sup>	передающей организации	Код моря-реки						Код качества <sup>2</sup>	от устья, километр	көлем Разрешенный объем	получено за год	конт. янв
					1	2	3	4	5					
А	Б	В	Г	Д	Е	Ж	З	И	К	Л	М	Н	1	2
1														
2														
3														
....														

Жолдар коды Код строки	оның ішінде айлар бойынша										Пайдаланған, берілген Использовано, передано		Кері пайдалану Оборотное использование
	сәуір апрель	мамыр май	маусым июнь	шілде июль	тамыз август	қыркүйек сентябрь	қазан октябрь	қараша ноябрь	желтоқсан декабрь	код <sup>2</sup> код <sup>2</sup>	көлемі количество		
А	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	
1													
2													
3													
....													

### Кестенің жалғасы

Қайтадан пайдалану Повторное использование	Пайдаланған нан кейін берілген Передано после использования	Жеткізу кезіндегі шығындар Потери при транспорти ровке	Суару алаңы (гектар) Площадь орошения (гектар)
17	18	19	20

3. Суды бұру және су қашыртқысы туралы мәліметті көрсетіңіз (үтірден кейін бір белгімен, мың текше метр)

Укажите сведения о водоотведении и сбросе воды (в тысячах кубических метрах с одним знаком после запятой)

Жолдар коды Код строки	Су нысанының атауы Наименование водного объекта	Қабылдау коды <sup>3</sup> Код приемника <sup>3</sup>	Қабылдаушы ұйымның коды Код принимающей организации	Теңіз-өзен коды Код моря-реки	Ағыстар Притоки					Сапа коды <sup>2</sup> Код качества <sup>2</sup>
					1	2	3	4	5	
А	Б	В	Г	Д	Е	Ж	З	И	К	Л
1										
2										
3										

		Ласталған Загрязненных	Нормативті Нормативно очищенных	таз.
--	--	---------------------------	------------------------------------	------

Жолдар коды Код строки	Сағадан кашықтық, километр Расстояние от устья, километр	Бұрылды, тасталды барлығы Отведено , сброшено всего	тазалаусыз б е з очистки	жеткілікті тазаланбаған недостаточно очищенные	Нормативті таза ( барлығы тазалаусыз) Нормативно-чистые (без очистки)	, оның ішінде всего, в т о м числе:	биологиялық биологической	физика-химиялық физико-химической
А	М	1	2	3	4	5	6	7
1								
2								
3								

Ескертпе:

Примечание:

<sup>1</sup>СПМЕ бойынша код - Су пайдаланудың мемлекеттік есебінің коды

<sup>1</sup>Код по ГУИВ - Код государственного учета использования воды

<sup>2</sup>Осы бөлімді толтырған кезде осы статистикалық нысанға қосымшада келтірілген көз және сапа кодтары пайдаланылады

<sup>2</sup>При заполнении данного раздела используются коды источника и качества приведенные в приложении к данной статистической форме

<sup>3</sup>Осы бөлімді толтырған кезде статистикалық нысанға қосымшада келтірілген қабылдау коды қолданылады;

<sup>3</sup>При заполнении данного раздела используются коды приемника приведенные в приложении к данной статистической форме.

А т а у ы  
Наименование

\_\_\_\_\_

Мекенжайы ( респонденттің)  
Адрес ( респондента) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Т е л е ф о н ы  
Телефон (респондента) \_\_\_\_\_  
с т а ц и о н а р л ы қ  
стационарный мобильный

( р е с п о н д е н т т і ң )  
Адрес  
Электрондық  
п о ш т а  
мекенжайы ( респонденттің)  
Адрес  
ұ я л ы  
электронной  
почты ( респондента) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Алғашқы статистикалық  
таратуға келісеміз\*

деректерді Алғашқы статистикалық деректерді  
таратуға келіспейміз\*  
Не согласны на распространение

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Согласны на распространение первичных статистических данных\* п е р в и ч н ы х статистических данных\* колы, телефоны (орындаушынын)  
**О р ы н д а у ш ы**  
**И с п о л н и т е л ь**

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_  
 фамилия, имя и отчество (при его наличии) \_\_\_\_\_ телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның міндетін атқарушы тұлға \_\_\_\_\_  
 Главный бухгалтер или лицо, исполняющее его обязанности \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_  
 фамилия, имя и отчество (при его наличии) \_\_\_\_\_ қ о л ы  
 подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға \_\_\_\_\_  
 Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_  
 фамилия, имя и отчество (при его наличии) \_\_\_\_\_ қ о л ы  
 подпись

Қ а б ы л д а д ы :

П р и н я л :

\_\_\_\_\_ "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ год  
 тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы, колы, мөр орны  
 фамилия, имя и отчество (при его наличии), должность, подпись, место печати

**Ескертпе:**

**Примечание:**

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

"Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" (индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанына қосымша

Су объектілерінің, берілген су кодтарының тізбесі		су сапасы	және пайдаланылған,		
Коды	Су объектісі (2-бөлімнің 3-бөлімнің В-бағаны үшін қабылдағыш коды)	В-бағаны	үшін су көзі	коды,	
1	2			3	4
10	Теңіз			+	+

20	Өзен	+	+
21	Тартылған өзен	+	+
30	Көл	+	+
40	Су қоймасы, тоған	+	+
41	Құймалы су қоймасы	+	+
50	Магистралдық арна	+	+
55	Магистралдық құбыр өткізгіш	+	+
60	Жер асты су тұтқыш горизонт	+	+
61	Шахта, кен, қазба	+	+
62	Көлденең кәріз ұңғымалары	+	+
70	Коллекторлы-кәріз желісі	+	+
71	Өзен желісімен байланысы жоқ коллекторлар	+	+
72	Жер үсті су нысандарына жететін коллекторлар	+	+
80	Егістікті суармалы жер	-	+
81	Жинағыштар	+	+
82	Жергілікті рельеф	-	+
83	Сүзу алаңдары	-	+
84	Септик	-	+
90	Су құбырының желісі	+	+
91	Су бұру желісі	+	+
Коды	Су сапасы (2-бөлімнің Л-бағаны үшін сапа коды, 3-бөлімнің К-бағаны үшін ағыстар)		
БЛ	Балласты, льялды су	+	+
ВП	Ауыз су	+	+
ВТ	Техникалық су	+	+
ВС	Ағынды су	+	+
ГП	Жер асты ауыз су	+	+
ГТ	Жер асты техникалық су	+	+
ҚД	Коллекторлы-кәрізді су	+	+
МР	Теңіз суы	+	+
РС	Күріш жүйелерінің суы	+	+
ШР	Шахталы- кенішті су	+	+
ТР	Жеткізу суы	+	+
Коды	3. Пайдаланылған, пайдаланбай тапсырылды (2-бөлімнің 14-бағаны)		
ГЭ	Гидроэнергетика (электр энергиясының өндірісі, беру және тарату)	+	
ЖЭ	Жылу энергетикасы		
ӨБ	Өзге СБ бассейнге берілді		+
ӨМ	Өзге мемлекетке берілді		+
ҚСТ	Құймалы су қоймаларын толтыру	+	
ПТ	Пайдаланбай тапсыру		+
ГҚ	Арналардағы қабаттарды қолдау	+	
ТБ	Тағы басқалары	+	
АШ	Арналарды шаю	+	

ЕС	Жасыл екпелерді суару	+	
ПҚ	Пласттағы қысымды қолдау	+	
ТБШ	Тоғанды балық шаруашылығы	+	
СОТ	Су объектілерін толтыру үшін су бұру	+	+
СӨ	Санитариялық өткізгіштер	+	+
ШСА	Шахталы-кенішті суларды пайдаланбай ағызу	+	+
ТР	Тасымалды сулар	+	+
ША	Шаруашылық-ауызсу	+	
ШТ	Шаруашылық-тұрмыстық	+	
Қ	Құрылыс	+	
ҚС	Қызметтер саласы	+	
АШ	Ауыл шаруашылығы		
	оның ішінде:		
КС	Көлтабанды суару	+	
ЖС	Жайылымдарды суландыру	+	
ТС	Тұрақты суару	+	
ШС	Шалғындарға су құю	+	
АШ	Ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау	+	
ӨАШ	өзге ауыл шаруашылығы	+	
Ө	Өндірістік	+	
	оның ішінде:		
ТКӨ	Тау-кен өнеркәсібі	+	
ӨӨ	өңдеуші өнеркәсіп	+	
ӨӨ	өзге де өндірістік	+	

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
Төрағасының  
2020 жылғы 15 мамырдағы  
№ 27 бұйрығына  
2-қосымша

**"Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық)**

1. Осы "Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" (индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Суды алу, пайдалану және суды



бұру туралы есеп" (индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі - статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта Заңда, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінде айқындалған мәндердегі ұғымдар, сондай-ақ мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) айналымды пайдалану - сумен жабдықтаудың техникалық жүйесі, онда айналымды су тиісті дайындықтан кейін немесе онсыз өнеркәсіптік кәсіпорынның технологиялық өндірісінде бірнеше рет пайдаланылады;

2) биологиялық тазалау - су айдындарына тасталған, биологиялық тазалау имараттарында нормативтік-тазартылған сарқынды сулардың көлемі;

3) қайталап пайдалану - технологиялық мақсаттар, суару, суландыру, сумен қамту және басқа да қажеттіліктер үшін кері қайтарылған суды алу;

4) механикалық тазалау - құрамына тек қана механикалық тазалау қондырғылары кіретін (күмді аулау, майбензосазды аулағыштар, тұндырғыштар мен басқалары - реагенттерді пайдаланусыз) имараттарда нормативтік-тазартылған сарқынды сулар көлемі. Физика-химиялық немесе биологиялық тазалау имараттарының құрамына кіретін механикалық тазалау қондырғылары ескерілмейді;

5) нормативтік-таза (тазалаусыз) - өндіріс технологиясына қатысу барысында ластанбайтын және оларды тазалаусыз тастау су нысанының есептік тұстамасында су сапасы нормативін бұзбайтын су айдындарына тасталған су көлемі, сондай-ақ егер олардың тазалаусыз тасталуы қоршаған ортаға эмиссияның белгіленген нормаларын қанағаттандыратын шахталы, бұлақты және пласты судың және суды төгу, суды азайту барысында алынған судың көлемі;

6) сарқынды сулар - адамның шаруашылық қызметі нәтижесінде пайда болатын немесе табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жер бедеріне ағызып жіберілетін ластанған аумақтағы сулар;

7) су бұру - сарқынды суларды жинауды, тасымалдауды, тазартуды және су бұру жүйелері арқылы су объектілеріне және (немесе) жер бедеріне бұруды қамтамасыз ететін іс-шаралардың жиынтығы;

8) су объектісі - шекарасы, көлемі мен су режимі бар құрлық беті бедерлеріндегі және жер қойнауындағы су шоғырланымдары. Олар: теңіздер, өзендер, соларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқа да жер үсті және жер асты су объектілері;

9) су пайдаланушы - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 1-бабының 42) тармақшасына сәйкес, өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

10) су пайдаланудың мемлекеттік есебінің коды (бұдан әрі - СПМЕ) - суды пайдаланушының коды мен оның индексін су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциясы (бұдан әрі - БИ) белгілейді, алты таңбалы, бірінші екі цифр бассейндік кодын белгілейді, келесі 4 цифр - БИ тіркелген су пайдаланушының еркін коды;

11) тасымалдау барысындағы шығындар - суды тасымалдау барысында шығындалатын су көлемінің бөлігі (булануы, сүзілуі, ағуы және тағы басқа);

12) физика-химиялық тазалау - су айдындарына тасталған, физика-химиялық тазалау құрылыстарында нормативтік-тазартылған сулардың көлемі (ағынды суларды реагенттік өңдеу, электрхимиялық тазалау, нейтрализация, иондық алмасу және тағы басқа).

3. 1-бөлімде СПМЕ бойынша код және индекс толтырылады. Облыстың түрлі аудандарында филиалдары бар немесе әр түрлі су шаруашылығы учаскелерінен су алатын су пайдаланушылар статистикалық нысанды әр су алу бойынша жеке ұсынады, осының салдарынан СПМЕ кодына әр бір статистикалық нысан бойынша индекс беріледі.

4. 2-бөлімді су пайдаланушылар толтырады.

2-бөлімнің В бағаны статистикалық нысанға қосымшада келтірілген "Су объектілерінің, су сапасы, пайдаланылған, берілген су кодтарының тізбесі" (бұдан әрі - Тізбе) 1-бөліміне сәйкес толтырылады. Көз коды 1-бағаннан алынады, бұл ретте 3-бағанға сәйкес кейбір кодтар көрсетілмеуі мүмкін.

2-бөлімнің Г-К, М-бағандары беруші кәсіпорынның коды, теңіз-өзен, ағыс кодтары, сағадан қашықтық пен сапа коды:

бастапқы су пайдаланушылар үшін - БИ берген арнайы су пайдалануға рұқсатта көрсетілген деректер (бұдан әрі - рұқсат) бойынша;

қайталама су пайдаланушылар үшін - бастапқы су пайдаланушы рұқсатта көрсетілген деректер бойынша толтырылады.

Бұл ретте 2-бөлімнің Л-бағаны Тізбенің 2-кестесіне сәйкес толтырылады, сапа коды 1-бағаннан алынады.

2-бөлімнің Н-бағанын бастапқы су пайдаланушылар рұқсаттың деректері бойынша толтырады.

2-бөлімнің 1-бағаны жылдық суды алу (беру), ал 2-бөлімнің 2-13-бағандарында айлар бойынша су алу толтырылады. Айлар бойынша суды алу қосындысы бір жылға суды алумен теңестіріледі. Айлар бойынша суды алу келесі жағдайда толтырылмайды:

су алу жыл бойы тең жүзеге асырылса (бұл негізінде шаруашылық-ауыз су мен шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік қажеттіліктерге су алу үшін жатқызылады);

су алу 1000 текше метрден аспағанда.

Қалған жағдайларда 2-бөлімнің 2-13-бағандарын толтыру міндетті.

2-бөлімнің 14-бағаны Тізбенің 3-бөліміне сәйкес толтырылады, алынған және берілген судың коды 1-бағаннан алынады, бұл ретте 3 және 4-бағандарға сәйкес пайдаланылған судың өз коды, берілген судың өз коды бар. Транзиттік сулар өзгеше болып табылады, олар барлық жағдайда да көрсетіледі.

2-бөлімнің 15-бағанында пайдаланылған немесе пайдаланусыз берілген су көлемі қойылады.

2-бөлімнің 16-бағаны суды қайта пайдаланған жағдайда алынған таза суға толықтыру ретінде толтырылады.

2-бөлімнің 17-бағаны суды қайта пайдаланғанда толтырылады.

2-бөлімнің 18-бағаны суды пайдаланудан кейін берген жағдайда толтырылады.

2-бөлімнің 19-бағаны суды тасымалдау барысында шығын болғанда толтырылады.

2-бөлімнің 20-бағаны суару, жайылымды суландыруға суды пайдалану барысында толтырылады.

5. 3-бөлімді су пайдаланушылар толтырады.

3-бөлімнің А-бағанында жол нөмірі 2-бөлімнің А-бағанындағы жол нөміріне сәйкес келтіріледі.

3-бөлімнің В-бағаны Тізбенің 1-бөліміне сәйкес толтырылады, көз коды 1-бағаннан толтырылады.

3-бөлімінің Г-К, М-бағандары беруші кәсіпорынның коды, теңіз-өзен, ағыс кодтары, сағадан қашықтық пен сапа коды:

бастапқы су пайдаланушылар үшін - арнайы су пайдалануға рұқсаттың (бұдан әрі - рұқсат) мәліметтері бойынша;

қайталама су пайдаланушылар үшін - бастапқы су пайдаланушы рұқсатының мәліметтері бойынша толтырылады.

Бұл ретте 3-бөлімнің Л-бағаны Тізбенің 2-бөліміне сәйкес толтырылады, сапа коды 1-бағаннан алынады.

3-бөлімнің 6, 7, 8-бағандары тазалау құрылыстары болған кезде толтырылады.

6. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім:

2-бөлімнің 15 және 19-бағандарының  $\sum$  (пайдаланылды, берілді және тасымалдау кезіндегі шығындар) = 2-бөлімнің 1-бағанына;

2-бөлімнің 18-бағаны (пайдаланылғаннан кейін берілді) < 2-бөлімнің

15-бағанынан (пайдаланылды, тапсырылды);

2) 3-бөлім:

3-бөлімнің 2, 3, 4, 5-бағандарының  $\sum$  = 3-бөлімнің 1-бағанына;

3-бөлімнің 6, 7, 8-бағандарының  $\sum$  = 3-бөлімнің 5-бағанына;

3) Бөлімдер арасындағы бақылау:

3-бөлімнің 1-бағаны (барлығы тасталған) < 2-бөлімнің 15-бағанынан (пайдаланылды, тапсырылды).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК